

**Темекі өнімдерінің қалдықтары мен (немесе) айналымы туралы декларация нысанын, ережелері мен тапсыру мерзімдерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі салық комитетінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 537 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 20 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2675. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2016 жылғы 19 ақпандағы № 75 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.02.2016 № 75 бұйрығымен.**

"Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Мыналар:

1) Темекі өнімдерінің қалдықтары мен (немесе) айналымы туралы декларация нысаны (бұдан әрі - Декларация);

2) Декларацияны тапсыру ережелері бекітілсін.

2. Декларация есептіден кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей, ай сайын тапсырылатын болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Акциздерді әкімшіліктендіру басқармасы (Ким Р.Ю.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Осы бұйрық 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

"Темекі өнімдерінің қалдықтары мен (немесе) айналымы туралы декларация нысанын, ережелері мен тапсыру мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті  
Төрағасының

2003 жылғы 26 желтоқсандағы  
N 537 бұйрығымен бекітілген

**Темекі өнімдерінің қалдықтары мен (немесе) айналымы туралы декларацияны тапсыру ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Темекі өнімдерінің қалдықтары мен (немесе) айналымы туралы декларацияны (бұдан әрі - Декларация) тапсыру ережелерін жасау және табыс ету тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (440.00-нысан) және оған қосымшалардан (440.01, 440.02 және 440.03-нысандар) тұрады.

3. Декларацияны темекі өнімдерін импорттау мен көтерме сатуды жүзеге асырушы тұлға темекі өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын тұлға (бұдан әрі - декларант) уәкілетті органның тиісті аумақтық органына (бұдан әрі - салық органы) тапсырады. Темекі өнімдерін өндірушілер Декларация тапсырмайды.

4. Декларация тапсырудың есепті кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

5. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - нысандар айналмалы немесе қауырсын қаламұшпен, кара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

6. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, тазартуға, былғауға жол берілмейді.

7. Декларация акциздер сомасын (теңге) және жеткізу құнын көрсете отырып заттай көрсеткіштерде (дана/кг) толтырылады.

**Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

8. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Декларацияның тиісті ұяшықтары толтырылмайды.

9. Тиісті қосымшаларда көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымшалар міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

10. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

11. Декларация қағаз тасығышта және (немесе) электрондық тасығышта табыс етіледі.

## **2. Декларацияны жасау (440.00-нысан)**

12. Декларацияда декларанттардың темекі өнімдерінің қалдықтары мен (немесе) айналымы көрсетіледі.

13. "Декларант туралы жалпы ақпарат" бөлімінде декларант мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі.

Егер айдың нөмірі екі белгіден кем болса, онда ол оң ұяшықта көрсетіледі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес декларанттың толық атауы немесе жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) бойынша қызмет түрлерінің коды және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (жылдық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (жылдық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

Көрсеткіш.   Жол   Есепті   оның ішінде									
тердің   коды   кезең   _____									
атауы   үшін   Қызметтің   қосалқы (басқа да) қызмет түрлері									
барлығы   негізгі   _____									
түрі   сауда   аңшы.   жарна.   балық   балық									
лық   ма   аулау   өсіру									
_____									
5010   01500   74400   05010   05020									
_____									
1   2   3   4   5   6   7   8   9									
_____									
Өндірілген 100 250 150 50 35 5 2 1									
өнімдер. 000,0 000,0 000,0 000,0 000,0 000,0 000,0									

дің  
(тауарлар,  
қызмет  
көрсету.  
лердің)  
көлемі,  
мың теңге

---

— Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

ЭҚЖЖ   Үлес	
салмағы, %	
45211   60,0	
5010   20,0	
01500   14,0	

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны)/250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) \* 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N 2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (жылдық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі") 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау (әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге де ұйымдар ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек қана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) Декларацияның түрі. Декларацияның түріне байланысты тиісті ұяшықтар белгіленеді.

"Бастапқы" ұяшығы, егер акциздік тауарлармен байланысты қызметті жүзеге асыруды бастағаннан кейін алғаш рет декларант Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде "Кезекті" ұяшығы белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде "Қосымша" ұяшығы белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" ұяшығы, егер декларант салық органынан хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда декларант "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" ұяшықтары бір мезгілде белгіленеді.

Декларантты таратқанда немесе қайта құрғанда салық органына тапсыратын соңғы Декларацияда "Тарату" ұяшығы белгіленеді.

6) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларацияны табыс еткен жағдайда толтырылады;

8) 440.01-нысанның толтырылған беттерінің жалпы саны көрсетіледі;

9) 440.02-нысанның толтырылған беттерінің жалпы саны көрсетіледі;

10) 440.03-нысанның толтырылған беттерінің жалпы саны көрсетіледі.

14. "Есепті кезеңнің басындағы қалдық" бөлімінде:

1) 440.00.001 жолында есепті кезеңнің басында декларантта бар фильтрлі сигареталардың қалдығы көрсетіледі;

2) 440.00.002 жолында есепті кезеңнің басында декларантта бар фильтрсіз сигареталардың, папиростардың қалдығы көрсетіледі;

3) 440.00.003 жолында есепті кезеңнің басында декларантта бар сигаралардың қалдығы көрсетіледі;

4) 440.00.004 жолында есепті кезеңнің басында декларантта бар сигариллалардың қалдығы көрсетіледі;

5) 440.00.005 жолында есепті кезеңнің басында декларантта бар тұтыну ыдысына салынған және түпкілікті тұтынуға арналған шөгетін, шайнайтын, иіскейтін темекінің және өзге де темекінің (бұдан әрі - темекі) қалдығы көрсетіледі.

**Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

15. "Есепті кезеңде алынды" бөлімінде:

1) 440.00.006 жолында есепті кезеңде қызметін темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы саласында жүзеге асыратын тұлғалардан келіп түскен фильтрлі сигареталардың жалпы саны көрсетіледі;

2) 440.00.007 жолында есепті кезеңде қызметін темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы саласында жүзеге асыратын тұлғалардан келіп түскен фильтрсіз сигареталардың, папиростардың жалпы саны көрсетіледі;

3) 440.00.008 жолында есепті кезеңде қызметін темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы саласында жүзеге асыратын тұлғалардан келіп түскен сигаралардың жалпы саны көрсетіледі;

4) 440.00.009 жолында есепті кезеңде қызметін темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы саласында жүзеге асыратын тұлғалардан келіп түскен сигариллалардың жалпы саны көрсетіледі;

5) 440.00.010 жолында есепті кезеңде қызметін темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы саласында жүзеге асыратын тұлғалардан келіп түскен темекінің жалпы саны көрсетіледі;

6) 440.00.011 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған фильтрлі сигареталардың, папиростардың саны көрсетіледі;

7) 440.00.012 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған фильтрсіз сигареталардың, папиростардың саны көрсетіледі;

8) 440.00.013 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған сигаралардың саны көрсетіледі;

9) 440.00.014 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған сигариллалардың саны көрсетіледі;

10) 440.00.015 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған темекінің саны көрсетіледі.

**Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

16. "Есепті кезеңде өткізілді":

1) 440.00.016 жолында есепті кезеңде өткізілген фильтрлі сигареталардың жалпы саны көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 440.00.021, 440.00.026, 440.00.031 және 440.00.036 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалады;

2) 440.00.017 жолында есепті кезеңде өткізілген фильтрсіз сигареталардың, папиростардың жалпы саны көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 440.00.022, 440.00.027, 440.00.032 және 440.00.037 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалады;

3) 440.00.018 жолында есепті кезеңде өткізілген сигаралардың жалпы саны көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 440.00.023, 440.00.028, 440.00.033 және 440.00.038 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалады;

4) 440.00.019 жолында есепті кезеңде өткізілген сигариллалардың жалпы саны көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 440.00.024, 440.00.029, 440.00.034 және 440.00.039 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалады;

5) 440.00.020 жолында есепті кезеңде өткізілген темекінің жалпы саны көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 440.00.025, 440.00.030, 440.00.035 және 440.00.040 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалады;

6) 440.00.021 жолында темекі өнімдерін көтерме саудада сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға өткізілген фильтрлі сигареталардың саны көрсетіледі;

7) 440.00.022 жолында темекі өнімдерін көтерме саудада сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға өткізілген филтрсіз сигареталардың, папиростардың саны көрсетіледі;

8) 440.00.023 жолында темекі өнімдерін көтерме саудада сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға өткізілген сигаралардың саны көрсетіледі;

9) 440.00.024 жолында темекі өнімдерін көтерме саудада сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға өткізілген фильтрлі сигариллалардың саны көрсетіледі;

10) 440.00.025 жолында темекі өнімдерін көтерме саудада сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға өткізілген темекінің саны көрсетіледі;

11) 440.00.026 жолында бөлшек саудада өзі сатқан немесе темекі өнімдерін бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға өткізілген фильтрлі сигареталардың саны көрсетіледі;

12) 440.00.027 жолында бөлшек саудада өзі сатқан немесе темекі өнімдерін бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға өткізілген филтрсіз сигареталардың, папиростардың саны көрсетіледі;

13) 440.00.028 жолында бөлшек саудада өзі сатқан немесе темекі өнімдерін бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға өткізілген сигаралардың саны көрсетіледі;

14) 440.00.029 жолында бөлшек саудада өзі сатқан немесе темекі өнімдерін бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға өткізілген фильтрлі сигариллалардың саны көрсетіледі;

15) 440.00.030 жолында бөлшек саудада өзі сатқан немесе темекі өнімдерін бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға өткізілген темекінің саны көрсетіледі;

16) 440.00.031 жолында экспортқа өткізілген фильтрлі сигареталардың саны көрсетіледі;

17) 440.00.032 жолында экспортқа өткізілген филтрсіз сигареталардың, папиростардың саны көрсетіледі;

18) 440.00.033 жолында экспортқа өткізілген сигаралардың саны көрсетіледі;

19) 440.00.034 жолында экспортқа өткізілген сигариллалардың саны көрсетіледі;

20) 440.00.035 жолында экспортқа өткізілген темекінің саны көрсетіледі;

21) 440.00.036 жолында заттай төлегенде пайдаланылған, бүлінген, жоғалған және өзге де құжаттай расталған өткізілген фильтрлі сигареталардың саны көрсетіледі;

22) 440.00.037 жолында заттай төлегенде пайдаланылған, бүлінген, жоғалған және өзге де құжаттай расталған өткізілген филтрсіз сигареталардың, папиростардың саны көрсетіледі;

23) 440.00.038 жолында заттай төлегенде пайдаланылған, бүлінген, жоғалған және өзге де құжаттай расталған өткізілген сигаралардың саны көрсетіледі;

24) 440.00.039 жолында заттай төлегенде пайдаланылған, бүлінген, жоғалған және өзге де құжаттай расталған өткізілген сигариллалардың саны көрсетіледі;

25) 440.00.040 жолында заттай төлегенде пайдаланылған, бүлінген, жоғалған және өзге де құжаттай расталған өткізілген темекінің саны көрсетіледі.

**Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

17. "Есепті кезеңнің соңына қалдық" бөлімінде:

1) 440.00.041 жолында есепті кезеңнің соңында декларанттағы фильтрлі сигареталардың қалдығы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 440.00.001 және 440.00.006 жолдарында көрсетілген шамаларды қосып, 440.00.016 жолында көрсетілген шаманы алумен айқындалады. Декларацияны келесі есепті кезең үшін тапсырған кезде, осы жолдың көрсеткіші көрсетілген декларацияның 440.00.001 жолына көшіріледі;

2) 440.00.042 жолында есепті кезеңнің соңында декларанттағы филтрсіз сигареталардың, папиростардың қалдығы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 440.00.002 және 440.00.007 жолдарында көрсетілген шамаларды қосып, 440.00.017 жолында көрсетілген шаманы алумен айқындалады. Декларацияны келесі есепті кезең үшін тапсырған кезде, осы жолдың көрсеткіші көрсетілген декларацияның 440.00.002 жолына көшіріледі;

3) 440.00.043 жолында есепті кезеңнің соңында декларанттағы сигаралардың қалдығы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 440.00.003 және 440.00.008 жолдарында көрсетілген шамаларды қосып, 440.00.018 жолында көрсетілген шаманы алумен айқындалады. Декларацияны келесі есепті кезең үшін тапсырған кезде, осы жолдың көрсеткіші көрсетілген декларацияның 440.00.002 жолына көшіріледі;

4) 440.00.044 жолында есепті кезеңнің соңында декларанттағы сигариллалардың қалдығы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 440.00.004 және 440.00.009 жолдарында көрсетілген шамаларды қосып, 440.00.019 жолында көрсетілген шаманы алумен айқындалады. Декларацияны келесі есепті кезең



үшін тапсырған кезде осы жолдың көрсеткіші көрсетілген декларацияның 440.00.002 жолына көшіріледі;

5) 440.00.045 жолында есепті кезеңнің соңында декларанттағы темекінің қалдығы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 440.00.005 және 440.00.010 жолдарында көрсетілген шамаларды қосып, 440.00.020 жолында көрсетілген шаманы алумен айқындалады. Декларацияны келесі есепті кезең үшін тапсырған кезде осы жолдың көрсеткіші көрсетілген декларацияның 440.00.003 жолына көшіріледі.

**Ескерту: 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

18. Темекі өнімдерінің импорты мен көтерме өткізуді осы Ережелерді бұзып жүзеге асырушы тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жауапкершілікте болады.

### **3. 440.01-қосымшаны жасау - Темекі өнімдерінің көлемі туралы мәліметтер**

19. Осы Ережелерге 440.01-қосымша декларанттардың есепті кезеңде алған және өткізген, басында және соңында қалған, дербес сәйкестендіру нөмірлер-кодтар (бұдан әрі - ДСН-код) арқылы, атаулары бойынша темекі өнімдерінің көлемі туралы ақпараттарды көрсетуге арналған.

20. "Декларант туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) Декларация берілетін салық кезеңі.

Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі.

Егер айдың нөмірі екі белгіден кем болса, онда ол оң ұяшықта көрсетіледі.

21. "Темекі өнімдерінің көлемі" бөлімінде:

1) 440.01.001 жолында Декларацияның түсіндірілетін жолының, әрқайсысы жеке коды көрсетіледі;

2) 440.01.002 жолы бес бағаннан тұрады:

А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

В бағанда жеткізушінің немесе алушының атауы көрсетіледі;

С бағанда жеткізушінің немесе алушының СТН-і көрсетіледі, мұндайдың импорт немесе экспорт кезінде болмаған жағдайында бұл баған толтырылмайды;

Д бағанда темекі өнімдеріне арналған ДСН-коды көрсетіледі. Темекі өнімдеріне ДСН-кодын беруді темекі өнімдерін өндіруді және олардың айналымына бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган жүргізеді;

Е бағанда темекі өнімдерінің жіберілетін, алынатын немесе қалдықтарының көлемі (дана) көрсетіледі;

3) 440.01.003 жолында қосымшада көрсетілген фильтрлі сигареталардың жиынтық саны көрсетіледі;

4) 440.01.004 жолында қосымшада көрсетілген филтрсіз сигареталардың, папиростардың жиынтық саны көрсетіледі;

5) 440.01.005 жолында 440.01 нысанының толтырылатын бетінде көрсетілген сигаралардың жиынтық саны көрсетіледі;

6) 440.01.006 жолында 440.01 нысанының толтырылатын бетінде көрсетілген сигариллалардың жиынтық саны көрсетіледі;

7) 440.01.007 жолында 440.01 нысанының толтырылатын бетінде көрсетілген темекінің жиынтық саны көрсетіледі.

**Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

#### **4. 440.02-қосымшаны жасау - Импорт бойынша темекі өнімдерінің түсуі туралы мәліметтер**

22. 440.02-қосымша темекі өнімдерінің импортын жүзеге асыратын тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына импорты туралы ақпараттарды көрсетуге арналған.

23. "Декларант туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі.

Егер айдың нөмірі екі белгіден кем болса, онда ол оң ұяшықта көрсетіледі;

3) ЕурАзЭҚ ТН СЭҚ коды. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауарлардың коды көрсетіледі;

4) темекі өнімдері импортталғанына сәйкес кедендік жүк декларациясының нөмірі;

5) импорт бойынша келісім (шарт). Жеткізушімен жасалған келісімнің (шарттың) нөмірі мен күні көрсетіледі.

**Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

24. "Темекі өнімдері импортының көлемі" бөлімінде:

1) 440.02.001 жолы жеткізуге жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталатын фильтрлі сигареталардың саны көрсетіледі;

2) 440.02.002 жолы жеткізуге жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталатын фильтрсіз сигареталардың, папиростардың саны көрсетіледі;

3) 440.02.003 жолы жеткізуге жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталатын сигаралардың саны көрсетіледі;

4) 440.02.004 жолы жеткізуге жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталатын сигариллалардың саны көрсетіледі;

5) 440.02.005 жолы жеткізуге жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталатын темекінің саны көрсетіледі.

**Ескерту: 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

25. "Жеткізудің жалпы құны" бөлімінде:

1) 440.02.006 жолында жеткізушімен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталатын фильтрлі сигареталардың жалпы құны көрсетіледі;

2) 440.02.007 жолында жеткізушімен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталатын фильтрсіз сигареталардың, папиростардың жалпы құны көрсетіледі;

3) 440.02.008 жолында жеткізушімен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталатын сигаралардың жалпы құны көрсетіледі;

4) 440.02.009 жолында жеткізушімен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталатын сигариллалардың жалпы құны көрсетіледі;

5) 440.02.010 жолында жеткізушімен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталатын темекінің жалпы құны көрсетіледі.

**Ескерту: 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

26. "Есепті кезеңде импортталған темекі өнімдерінің саны" бөлімінде:

1) 440.02.011 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған фильтрлі сигареталардың саны көрсетіледі. Осы жолдың көрсеткіші 440.01-нысанда түсіндірілуі тиіс;

2) 440.02.012 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған филтрсіз сигареталардың, папиростардың саны көрсетіледі. Осы жолдың көрсеткіші 440.01-нысанда түсіндірілуі тиіс;

3) 440.02.013 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған сигаралардың саны көрсетіледі. Осы жолдың көрсеткіші 440.01-нысанда түсіндірілуі тиіс;

4) 440.02.014 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған сигариллалардың саны көрсетіледі. Осы жолдың көрсеткіші 440.01-нысанда түсіндірілуі тиіс;

5) 440.02.015 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған темекілердің саны көрсетіледі. Осы жолдың көрсеткіші 440.01-нысанда түсіндірілуі тиіс.

**Ескерту: 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

27. "Есепті кезеңде импортталған темекі өнімдерінің құны" бөлімінде:

1) 440.02.016 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған фильтрлі сигареталардың құны көрсетіледі;

2) 440.02.017 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған филтрсіз сигареталардың, папиростардың құны көрсетіледі;

3) 440.02.018 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған сигаралардың құны көрсетіледі;

4) 440.02.019 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған сигариллалардың құны көрсетіледі;

5) 440.02.020 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағына импортталған темекінің құны көрсетіледі.

**Ескерту: 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

28. <\*>

**Ескерту: 28-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

## 5. 440.03-қосымшаны жасау - Экспорт бойынша темекі өнімдерінің түсуі туралы мәліметтер

29. 440.03-қосымша темекі өнімдерінің экспортын жүзеге асыратын тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспорты туралы ақпараттарды көрсетуге арналған.

30. "Декларант туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) Декларация берілетін салық кезеңі.

Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі.

Егер айдың нөмірі екі белгіден кем болса, онда ол оң ұяшықта көрсетіледі;

3) ЕурАзЭҚ ТН СЭҚ коды. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауарлардың коды көрсетіледі;

4) темекі өнімдері экспортталғанына сәйкес кедендік жүк декларациясының нөмірі;

5) экспорт бойынша келісім (шарт). Жеткізушімен жасалған келісімнің (шарттың) нөмірі мен күні көрсетіледі.

**Ескерту: 30-тармаққа өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

31. "Темекі өнімдері экспортының көлемі" бөлімінде:

1) 440.03.001 жолы жеткізуге жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталатын фильтрлі сигареталардың саны көрсетіледі;

2) 440.03.002 жолы жеткізуге жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталатын фильтрсіз сигареталардың, папиростардың саны көрсетіледі;

3) 440.03.003 жолы жеткізуге жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталатын сигаралардың саны көрсетіледі;

4) 440.03.004 жолы жеткізуге жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталатын сигариллалардың саны көрсетіледі;

5) 440.03.005 жолы жеткізуге жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталатын темекінің саны көрсетіледі.

**Ескерту: 31-тармақ жана редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

32. "Экспортқа жеткізудің жалпы құны" бөлімінде:

1) 440.03.006 жолында жеткізушімен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталатын фильтрлі сигареталардың жалпы құны көрсетіледі;

2) 440.03.007 жолында жеткізушімен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталатын филтрсіз сигареталардың, папиростардың жалпы құны көрсетіледі;

3) 440.03.008 жолында жеткізушімен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталатын сигаралардың жалпы құны көрсетіледі;

4) 440.03.009 жолында жеткізушімен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталатын сигариллалардың жалпы құны көрсетіледі;

5) 440.03.010 жолында жеткізушімен жасалған шартқа (келісім-шартқа) сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталатын темекінің жалпы құны көрсетіледі.

**Ескерту: 32-тармақ жана редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .**

33. "Есепті кезеңде экспортталған темекі өнімдерінің саны" бөлімінде:

1) 440.03.011 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталған фильтрлі сигареталардың саны көрсетіледі. Осы жолдың көрсеткіші 440.01-нысанда түсіндірілуі тиіс;

2) 440.03.012 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталған филтрсіз сигареталардың, папиростардың саны көрсетіледі. Осы жолдың көрсеткіші 440.01-нысанда түсіндірілуі тиіс;

3) 440.03.013 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталған сигаралардың саны көрсетіледі. Осы жолдың көрсеткіші 440.01-нысанда түсіндірілуі тиіс;

4) 440.03.014 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталған сигаралардың саны көрсетіледі. Осы жолдың көрсеткіші 440.01-нысанда түсіндірілуі тиіс;

5) 440.03.015 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталған темекілердің саны көрсетіледі. Осы жолдың көрсеткіші 440.01-нысанда түсіндірілуі тиіс.



Ескерту: 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

34. "Есепті кезеңде экспортталған темекі өнімдерінің құны" бөлімінде:

1) 440.03.016 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталған фильтрлі сигареталардың құны көрсетіледі;

2) 440.03.017 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталған фильтрсіз сигареталардың, папиростардың құны көрсетіледі;

3) 440.03.018 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталған сигаралардың құны көрсетіледі;

4) 440.03.019 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталған сигариллалардың құны көрсетіледі;

5) 440.03.020 жолында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортталған темекінің құны көрсетіледі.

Ескерту: 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

Нысан 440.00

"Темекі өнімдерінің қалдықтары мен (немесе) айналымы туралы декларация нысанын, ережелері мен тапсыру мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының  
2003 жылғы 26 желтоқсандағы  
N 537 бұйрығымен бекітілген

Темекі өнімдерінің қалдықтары мен (немесе)  
айналымы туралы декларация

Ескерту: Декларацияның нысаны жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

РҚАО-ның ескертуі: Нысанды қағаз мәтіннен қараңыз.

Нысан 440.01 парақ А

Темекі өнімдерінің көлемдері туралы мәліметтер  
(Декларацияға N 1 қосымша )

РҚАО-ның ескертуі: Нысанды қағаз мәтіннен қараңыз

Нысан 440.02 бет 01

Импорт бойынша темекі өнімдерінің түсімдері  
туралы мәліметтер

(Декларацияға N 2 қосымша)

*РҚАО-ның ескертуі: Нысанды қағаз мәтіннен қараңыз*

Нысан 440.03 бет 01

Экспортқа темекі өнімдерінің түсімдері туралы мәліметтер

(Декларацияға N 3 қосымша)

*РҚАО-ның ескертуі: Нысанды қағаз мәтіннен қараңыз*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК